# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20 ТАМЫЗ БЕЙСЕНБІ | 2015 жыл №123 (19011) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz


● ПРЕЗИДЕНТ

## РЕФОРМАНЫҢ ОҢ ЫҚПАЛЫ БАЙҚАЛАДЫ

**Елбасы Жоғарғы Сот төрағасы Қайрат Мәмиді қабылдады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.**

Кездесуде сот жүйесін «100 нақты қадам – баршаға арналған заманауи мемлекет» Ұлт жоспары аясында реформалау шаралары және республика соттарының 2015 жылдың бірінші жартысындағы жұмыс қорытындылары талқыланды.

Қазақстан Президенті осы саладағы жаңа кодекстердің қолданыла бастауын және бас бостандығынан айыруды мемлекетке келген зиянның орнын толтырумен алмастыратын қамауға алуға балама шаралар мен жазаларды мейлінше кеңінен қолдануды қоса қамтитын реформалардың оң ықпалын атап өтті. Мемлекет басшысы барлық құқық бұзушылықтарды тіркеу ауыр қылмыстардың санын азайтуға септігін тигізгеніне назар аударды.

Жоғарғы сот төрағасы республикада сот төрелігін жүзеге асырудың өткен жартыжылдықтағы қорытындылары сапа көрсеткішінің тұрақтылығы мен істі қарау мерзімінің сақталып отырғанын көрсететінін айтты. Республикада шығарылған барлық сот актілерінің 98,6 пайызы заңды әрі негізді деп танылған. Елде сотталғандардың саны айтарлықтай қысқарып, ал жасалған экономикалық қылмыстар үшін мемлекетке қайтарылған қаражаттың жалпы көлемі биыл шамамен 950 миллион теңгені құраған.

Қ.Мәми Жоғарғы Сот реформаны жүзеге асыру, соның ішінде үш буынды сот жүйесіне көшу тұрғысынан рет-ретімен жүргізілетін шараларды атқарғанын айтты. Сонымен қатар судьялыққа кандидаттарға арналған жаңа біліктілік талаптарын енгізу, Жоғарғы Сотта инвестиция жөніндегі мамандандырылған алқа құру және Халықаралық консультативтік кеңес құру мәселелері де қарастырылған.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

## ҒАРЫШКЕРЛЕР БАЙҚОҢЫРҒА КЕЛДІ

Қазақстан «Байқоңыр» ғарыш айлағымен бүкіл әлемге танымал. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осы ғарыш айлағынан жеті қат көкке көтерілген екі қазақ бар. Бірі – Тоқтар Әубәкіров, екіншісі – Талғат Мұсабаев. Енді Айдын Айымбетовтің де ғарышты бағындыратын күні алыс емес. Ғарыш сапарына 12 жыл дайындалған қазақ баласы ашық кеңістікке екінші бортинженер ретінде аттанбақ.



Қазір Айдын Айымбетов жер кіндігі Байқоңырға келді, соңғы дайындықтарын пысықтап жатыр. Дәлірек айтсақ, 18 тамызда Астана уақыты бойынша сағат 15.45-те «Союз ТМА-18М» экипажы ғарыш айлағына табан тіреді. Негізгі экипаж құрамында кеме командирі, Роскосмос ғарышкері Сергей Волков, ЕКА астронавты Андреас Могенсен, Қазғарыш ғарышкері Айдын Айымбетов бар. Қосалқы құрамдағы экипаждың мүшелері де бекітілген.

Ғарышкерлерді «Байқоңыр» ғарыш кешенінің басшылары, Роскосмос, Қазғарыш өкілдері қарсы алып, кәдесыйларын табыс етті. «Шөл кемесін» бейнелейтін кәдесый ғарышкерлердің сапарлары оң болып, Жерге аман-есен оралуы үшін арнайы әзірленіпті. Ал олар ұшырылымға дейінгі дайындықтарын енді осында жалғастырады. Бұған дейін ғарышкерлер Мәскеудегі жұлдызды қалашықта бірнеше апта тыңғылықты жаттыққан. Ал 20 тамызда ғарыш айлағында байрақтарды көтеру салтанаты өтеді. 2 қыркүйекте сағат 10:30-да ғарыш кемесі көкке көтеріледі. Бұл жолғы экипаж сапары 10 күнге жоспарланып отыр.

Айта кетейік, жерлесіміз Айдын Айымбетов ғарышқа ет, айран және ірімшік алып кетеді. Ұлттық салауатты тамақтану орталығы осындай тәжірибе ұсынып отыр. Сондай-ақ, ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-әуе күштерінің туын өзімен бірге алып ұшады. Бұдан бөлек, Айымбетов ғарыш станциясы бортында бірнеше физикалық және ғарыштық тәжірибелер жүргізбек. Әсіресе, Арал мен Каспий теңіздерінің жағдайын зерттейді. Сонымен қатар жерлесіміздің міндетіне ғарыштағы гамма-сәулелердің адам ағзасына әсерін зерттеу де кіреді.

**Дәурен ОМАРОВ.**

# ЗАМАНАУИ СПОРТ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІ

## *Қазалы мен Жаңақорғанда пайдалануға берілді*





**ҚАЗАЛЫ.** Қуаныш бөліссе көбейеді. Кенттің 5-ші квартал бөлігінен бой көтерген денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне жиналған жұртшылықтың жүзінен осы пейілді аңғардық. Темір жолдың бойына орналасқан аумақты қоныстанған қабырғалы қауымның бұл көптен күткен арманы болатын. Оның үлкен себебі бар. Аталмыш аумақтың спортқа жан-тәнімен құштар өрендері бүгінге дейін теміржол өткелінен өтіп орталықтағы спорт нысандарына қатынап келген еді. Әрбір ата-ана бауыр еті перзенттерінің амандығын шын ниетімен тілейтіні даусыз. Мұндай жайт әсіресе қыс мезгілінде балалардың ата-аналарын ерекше алаңдататын. Енді тығырықтан шығар жол табылды. Мемлекет қаржысы, ел ағаларының жанашырлығымен жаңадан салынған денешынықтыру-сауықтыру кешені ел игіліне берілді.

Көрікті кешен алыстан көз тартады. Ғимаратта спортшылардың жаттығуына, жаттығудан соң өздерін қалпына келтіруге толық мүмкіндік қарастырылған. Көздің жауын алатын кешен заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған екен. Көрермендер залынан жарысты тікелей тамашалауға барынша жағдай жасалған.

Салтанатты рәсім өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Көкке қалықтаған әсем әуен жиналғандардың көңілін бір серпілтіп тастады. Баршаның жүзінен риясыз қуаныш белгісі байқалады. Ғимараттың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы, облыстық мәслихат хатшысы Ақмарал Әлназарова, аудан әкімі Нажмадин Шамұратов және қоғамдық ұйым өкілдері мен ардагерлер, жұртшылық қатысты.

Шарадағы құттықтау сөзінде облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы елімізде, Сыр өңірінде көптеген толымды тірліктер атқарылып жатқандығын, соңғы санаулы күндердің өзінде ғана бірқатар нысандар пайдалануға берілгендігін айрықша атап өтті. Бүгінгі іске қосылғалы тұрған кешен спортты серік қылған, салауатты өмір салтын ұстанған әрбір жанға ерекше жақын екендігіне тоқталып, аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлының қазалылықтарға деген сәлемін жеткізді. Келесі кезекте сөз алған Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов бірнеше күн бұрын ғана екі елді мекенде облыс әкімі мен Ғылым және білім министрінің қатысуымен қос бірдей білім ордасының ашылғаны, бүгінгі денешынықтыру-



сауықтыру кешені сол жағымды жаңалықтардың жалғасы есептелетіндігін толғаныспен жеткізіп, ел ағаларына көпшіліктің атынан ризашылық білдірді. Кешенді аралап көрген шараға қатысушылар құрылыстың басты мердігері «Жылу-XXI» ЖШС жұмысына ризашылық танытты.

– Бүгін пайдалануға берілген денешынықтыру-сауықтыру кешенінің жалпы құны 333 млн теңге. Кешен спорт мектебінің базасын кеңейту мақсатында №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің резервіне берілді. Қазалылық спортшылардың бағындырған белестері баршаға мәлім. Жетістіктер оңайлықпен келген жоқ. Талай мәрте қиындықтар жолықты. Жаттығуды тар залда өткізген сәттер де болды. Шүкір, барша кедергілер артта қалды. Осындай ғажайып кешен салынғанына алғысымыз шексіз, – дейді №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің директоры Қуанған Бәкен.

***

**ЖАҢАҚОРҒАН.** Кенттегі жаңа типтегі денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Кешеннің ашылу салтанатына облыстық мәслихат хатшысы А.Әлназарова, облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы қатысты.

Аудан орталығына кіргеннен мен мұндалап көрінетін спорттық сауықтыру кешенінде волейбол, баскетбол, бокс түрінен түрлі деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылады. Сондай-ақ, заманауи спорттық жабдықтармен қамтамасыз етілген жаттығу залында басқа да спорт түрлерінен жаттығулар жасауға мүкіншілік мол.

– Елбасының сарабдал саясатының нәтижесінде елімізде осындай әлеуметтік нысандар көптеп бой көтеруде. Соның бірі бүгін пайдалануға беріліп отырған спорттық сауықтыру кешені. Өскелең ұрпақтың дені сау, заман талабына сай қабілетті болып өсуіне мемлекет тарапынан барлық мүмкіндіктер жасалуда. Ендігі кезекте Жаңақорғанның жас жеткіншектері осы кешенде жаттығып, ел абыройын асқақтатады деген сенімдеміз, – деді облыстық мәслихат хатшысы А.Әлназарова. Өз кезегінде кент ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Махмұтұлы тұрғындар атынан ризашылығын жеткізіп, жас спортшыларымыз алдағы уақытта дүбірлі додаларда намысты қолдан бермей көк байрағымыздың биіктен желбіреуіне ақ батасын берді.

Кешеннің ашылу салтанатымен қатар, волейболдан аудан әкімінің жүлдесі үшін аудандық ашық турнир өткізілді.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,**
**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Қазалы, Жаңақорған аудандары.

**Қазақ хандығының 550 жылдығына орай арнайы жүзеге асқан «Шу-Ұлытау-Астана» марафоны кеше Қызылорда қаласына келіп жетті.**

## МАРАФОНШЫЛАР СЫР ЕЛІНДЕ

Марафоншыларды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафаев пен «Өркениет-Қызылорда» қоғамдық қорының президенті Нұрхан Жәлиев бастаған топ күтіп алып, құрмет көрсетті.



Айтулы шара ел тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, достық пен бірлікті нығайту және бұқаралық спорттың рухани әлеуетін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Негізінен, марафонның өтуіне ұйытқы болған – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Алматы қалалық марафоншылар клубы. Құрамында 15 адам бар. Марафоншылардың капитаны – қашықтыққа жүгіруден Азияның 6 дүркін чемпионы Марат Балтабаев. Оның айтуынша, марафоншылардың көбісі спорт шеберлері. Олар 1500 шақырымды 7 күнде жүріп өтпек.

16 тамызда Жамбыл облысының Шу ауданынан бастау алған шарада спортшыларға Қазақ хандығының символикалық байрағы, яғни Керей мен Жәнібек хан көтерген көк тудың көшірмесі табысталған. Марафоншылар байрақты Тараз, Шымкент, Түркістан қалалары арқылы алып жүріп, Қызылордаға аяқ басты. Одан әрі Жезқазған қаласы арқылы 22 тамызда Ұлытауға жеткізуді көздеп отыр. Ал 23 тамыз күні Астана қаласына табан тірейді. Сөйтіп, марафоншылар көк байрақты ҚР Президентінің мұражайына табыс етеді.

**Д.СЕЙІТЖАН,**
**Н.НҰРЖАУБАЙ** (сурет).

● ЖАҢА ӨНДІРІС

## ЖАРЫҚ ДИОДТЫ ШАМДАР ЗАУЫТЫ

**Жақын күндері Жалағаш ауданында жарық диодты шамдар жасау зауыты іске қосылмақ.**



«Қазэнергияүнемдеу» ЖШС қолдауымен ашылғалы отырған зауыт жылына 31,2 мың дана жарық диодты шам шығарады. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасының Өңірлік индустрияландыру картасы аясында жүзеге асырылып отырған жобаның құны – 98,3 млн теңге. Аудандық индустриалды аймақта орналасқан зауыт ресейлік «Ника» компаниясының құрал-жабдығымен жарақтандырылған.

Зауытта шығарылатын өнім түрлерін пәтерлерде, қоғамдық және кеңселік ғимараттарда пайдалануға болады. Сондай-ақ, көшелер мен саябақтарды, тас жолдарды, өнеркәсіптік нысандарды жарықтандыруға да өте қажет.

Айта кетейік, Қызылорда өңірі қолға алып отырған жарық диодты шамдар жасау жобасы қазіргі нарық жағдайында тиімді бастама болмақ. Өйткені, бүгінде жарық диодты шамдарға ешқандай балама жоқ. Мамандардың айтуынша, ондай шамдар экологиялық жағынан қауіпсіз. Сондай-ақ, олар бөлменің ауасын өзге шамдар секілді шапшаң ысытып жібермейді. Өйткені, электр қуатының 90-95 пайызы жарықтандыруға жұмсалады. Адамның денсаулығына да зияны жоқ. Әдеттегі қуат үнемдегіш шамдардағыдай құрамында сынап болмайтындықтан, арнайы қабылдау орындарына тапсырамын деп әуре болмайсыз. Көзге залалы жоқ. Тағы бір басты ерекшелігі, жарық диодты аспаптар энергияны аз тұтынады және олардың түрлері мен пайдалану жағдайларына қарай электр қуатын тұтыну шығынын 43-92 пайызға азайтады.

Қорыта айтқанда, Қызылорда облысының Жалағаш ауданында ашылғалы отырған жарық диодты шамдар өндірісінің болашағы зор және энергия үнемдеудің ұтымды көздерінің ең оңтайлы жолы десек, артық айтқандық емес. Жаңа кәсіпорынды тамыз айының аяғында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Өндірістің іске қосылуының арқасында 30 адам жұмыс орнымен қамтылмақ.

**Д.ОМАРОВ.**

ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

## ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР

**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ**

1. «Бес институционалдық реформа: ел дамуының негізі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайы, 24 тамыз, сағат 10.00
2. «Конституция – ұлы істер жаршысы» мерекелік салтанатты шара – Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театр, 26 тамыз, сағат 17.00
3. «Елдіктің асыл тірегі – Конституция» мерекелік концерт – Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйі, 28 тамыз, сағат 10.30
4. «Ата заңым – айбыным» мерекелік кеш – Мүгедектерді оңалту орталығы, 27 тамыз, сағат 15.00
5. Кәмелеттік жасқа толған жастарға куәлік табыстау рәсімі – «Қызылорда облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы, 27 тамыз ,сағат 16.00
6. «Ата заң – ел тірегі!» жастар акциясы – Қалалық мәдени-демалыс паркі, 29 тамыз, сағат 20.00
7. «Домбыра думан», «Асық думан» ұлттық дәстүрді насихаттауға арналған мерекелік шара – Орталық алаң, 21 тамыз, сағат 20.00
8. «Ата Заңым – мәңгілік ел мәртебесі» мерекелік шара – Қалалық мәдени-демалыс паркі, 30 тамыз, сағат 20.00
9. Патриоттық әндер фестивалі – А. Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі, 30 тамыз, сағат 11.00
10. Жылжымалы кітап көрмесі және экскурсия – Облыстық және қалалық кітапханаларда және Көркемсурет галереясы, 25-29 тамыз, сағат 11.00
11. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы мерекесі құрметіне арналған «20 ашық есік күні» – Қалалық емханалар, 10-30 тамыз, сағат 10.00-16.00 аралығы
12. Ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі – Мерей мөлтек ауданы, 29 тамыз, сағат 9.00-13.00
13. «Мектепке жол» акциясы – Қала әкімдігінің мәжіліс залы, 22 тамыз, сағат 11.00

**АУДАНДАР**

14. «Ата заңым - тірегім» мерекелік концерт – Арал аудандық мәдениет үйі, 29 тамыз, сағат 16.00
15. «Ата Заң – ел тірегі» мерекелік концерт – Қазалы аудандық мәдениет үйі, 28 тамыз, сағат 11.00
16. «Ата заңым - егемендік елдігім» мерекелік концерт – Қармақшы аудандық мәдениет үйі, 25 тамыз, сағат 10.00
17. «Ата Заңым айбыным» мерекелік гала-концерт – Жалағаш ауданының Орталық алаңы, 28 тамыз, сағат 19.00
18. «Айбарлы Ата Заң» мерекелік концерт – Сырдария аудандық мәдениет үйі, 29 тамыз, сағат 10.00
19. «Айбынды Ата Заңға 20 жыл» мерекелік концерт – Шиелі аудандық мәдениет үйі, 29 тамыз, сағат 11.00
20. «Ата Заңым – ұлт бекіткен ұраным» атты мерекелік салтанатты шара – Жаңақорған аудандық мәдениет үйі, 27 тамыз, сағат 10.00
21. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы мерекесі құрметіне арналған «20 ашық есік күні» – Барлық аудандық емханаларда, 10-30 тамыз, сағат 10.00-16.00 аралығы
22. «Мектепке жол» акциясы – Барлық аудан орталықтарында және елді мекендерде, 1 тамыз – 30 қыркүйек

АТА ЗАҢҒА – 20 ЖЫЛ

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Кез келген елдің тәуелсіздігі мен демократиялық құндылықтарын айқындайтын басты құжат Конституция екені белгілі. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары мен міндеттері және құқықтары көрсетіледі.

Конституция саяси, экономикалық, әлеуметтік жетістіктердің жаңа белесіне құқықтық негіз берген Ата заңымыз болып табылады. Өйткені, барлық қоғамдық қатынастар тиісті заңдармен реттеледі десек, елімізде болып жатқан саяси, экономикалық, құқықтық шаралар осы Ата Заңымыз негізінде туындайды.

"Конституция – елдегі қоғамдық күштердің шын мәніндегі ара қатынасы" – деп Фердинанд Лассаль осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтқан екен. Осы бір қанатты сөздің ақиқатына дербес өмірге бет алған әрбір мемлекеттің көзі жеткені анық. Ендеше, еркіндігіміздің негізі болып отырған Конституцияның Қазақ елі үшін орны бөлек. Ол – мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі. Ол – тәуелсіздігіміздің іргетасы.

Осыдан жиырма жыл бұрын қабылданып, тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заң мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың қайнар бастауына айналды. Осы аралықта мемлекет пен қоғамның дамуындағы өзгерістер-демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарының бәрі де Ата заң қағидалары негізінде жүзеге асырылып келеді.

Тарихқа шегінер болсақ, тәуелсіз Қазақстанның басты қадамы Конституцияны қабылдаумен байланысты. Бұл туралы: "Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын", – деп жазады Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан жолы" кітабында.

1993 жылы қабылданған алғашқы Конституция егемендік тарихындағы ең демократияшыл құжат болып табылғанымен, оның мәні мен маңызына келсек, ол Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша басты төрт мәселеге жауап беріп, соған жағдай жасауы тиіс болатын. Таратып айтсақ, бірінші мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екінші экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшінші жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртінші ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін заңдық негіздерді Ата заңда көрсету.

Мемлекет басшысының аталған кітабында жазуынша, жоғарыда айтылған төрт мақсатты шешіп беретін баптар әуелгі Конституцияда толық қамтылмады. Расында бас заңымыздың кейбір



тұстары уақыт өте келе нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалды. Сондықтан екі жылдан соң 1995 жылы қазіргі Конституциямыз қабылданды. Қазақстанның мемлекеттігін айқындаған Ата заңымыз осылайша екі қайтара түледі.

Жаңа Конституция қабылданар қарсаңда қызу жұмыстар жүргізілді. Президент бастамасымен құрылған сарапшылар тобы әлемнің көптеген елдерінің XX ғасырдың екінші жартысында қабылданған Конституцияларын мұқият сараптаудан өткізді. Елбасының өзі тікелей ынталылық жасап, Еуропа мен Азияның, Солтүстік және Латын Америкаларының жиырмадан астам дамыған және дамушы елдерінің конституцияларын зерттеп, саралап шықты. Сосын Әділет министрлігіне жаңа конституцияның жобасын өз қолымен тапсырды. Сол жоба Ата заңымыздың негізін қалады. Сондықтан Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты 1995 жылы қабылданған қазіргі Конституциямыздың авторы деп сеніммен айта аламыз.

Тоғыз бөлімнен тұратын Конституцияның "Адам және адамзат" деп аталатын бөлімі елдің ең асыл қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға арналған. Мұнда адамның құқығы мен бостандығы өмірге келген сәттен бастап оған тиесілі екендігі және оған ешкімнің қол сұғуына жол берілмейтіндігі айқын нақтыланған. Біз адам болып өмірге келеміз, азамат болып қалыптасамыз. Мемлекетіміздің мәртебесіне, оның қорғауында болатындығымызға сенгенде және құқықтарымызды біліп қана қоймай, оны қорғай білгенде азамат екенімізді сезінеміз. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан азаматтарының Конституциямен кепілдендірілген құқықтары мен бостандығының аясы кең, ауқымы зор. Яғни, біздің негізгі заңымыз мыңжылдық тарихы мен дәстүрі бар өркениетті мемлекеттердің заңдарымен тұспалдас.

Сонымен биыл 20 жыл толып отырған Конституциямыз тәуелсіз еліміздің дамуына даңғыл жол ашып, қолға алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып отыр десек болады. Алайда, Негізгі заңымыздың заман ағымына қарай өзгеріске ұшырауын ешкім жоққа шығара алмасы анық. Сондықтан тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заңымызды құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау Қазақстанның әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс дегім келеді.

**Нұрлан СЕРІКБАЕВ,**
**Қызылорда көлік прокуроры,**
**әділет кеңесшісі.**

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

**Өткен аптада ҚР Ұлтық Экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің ұйытқы болуымен баспасөз туры болып өтті. Оған қатысушылар «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК-ның жаңғыртылған және қайта қалпына келтірілген нысандарын аралап, 2014 жылғы инвестициялық бағдарламаның шеңберінде атқарылған жұмыстар жайымен таныстырды.**

# ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

Жалпы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына 2014-2016 жылдары 389,9 млн теңге инвестиция тарту көзделген. Оған қолда бар активтерді жаңарту, негізгі құралдарды қалпына келтіру және техникалық қайта жарақтандыру жұмыстары кіреді. Инвестициялық бағдарлама аясында 2014 жылы 128 млн теңге қаралып, оның ішінде жылу энергиясын өндіруге 75,6 млн теңге, ал жылу энергиясын бөлу мен таратуға 52,4 млн теңге жұмсалды.

Баспасөз турында орталықтың жылу беру маусымына дайындығы жайлы кеңінен айтылды. Алдымен «Оңтүстік жылуорталығы» МКК-на атбасын бұрдық. Негізінен бұл кәсіпорын қаланы 30 пайыз жылумен қамтамасыз етеді. Қазір тұтынушылардың бұл орталыққа қарызы 300 млн теңгені құрап отыр. Басым бөлігі тұрғындар екен. Мұнда 7 бу қазандығы бар. Өткен жылы бу қазандықтары күрделі жөндеуден өтсе, биылғы жылы екі бу қазандығына сапалы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бектұрғанов көшесі бойындағы жылу құбырлары жаңартылып, қапталуда. Ұзындығы 780 метр болатын құбыр жаңаланыпты. Қала бойынша 14 нысанды күрделі жөндеуге «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 3 млрд теңге бөлінген. Биыл бұл жұмыстың 80-85 пайызы орындалады.



№3 ірілендірілген кварталдағы шағын қазандықтар да күрделі жөндеуден өткен. Мұнда жылу қысымы төмен болғандықтан осы шағын қазандықтар арқылы күшейтіліп, тұрғындарға жылу бірқалыпты жеткізіледі екен.

Баспасөз турында "Қызылордажылуэлектрорталығы" МКК бас инженері Наурыз Салханов инвестициялық бағдарлама арқасында кәсіпорында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы қысқаша хабарлама жасады.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

БРИФИНГ

# ЖАЛАҚЫ ҚАРЫЗЫ ӨТЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

**«Сыр Медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Өтеп Хасанов «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында еңбек саласындағы бақылау басқармасына жүктелген міндеттер мен биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар жайында брифинг өткізді.**

Еңбек саласындағы бақылау басқармасы жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы заңдылықтарды қадағалап, қызметкерлердің құқығын қорғайды және белгіленген тәртіп бойынша тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Биылғы жылы мемлекеттік еңбек инспекциясы әртүрлі меншіктегі 164 мекеме мен кәсіпорынды тексерген. Нәтижесінде 215 заң бұзушылық фактісі анықталды. Анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы 99 ұйғарым берілді. Сонымен қатар ҚР Еңбек кодексі талаптарының бұзылуына жол берген жауапты лауазымды және заңды тұлғаларға барлығы 5490140 теңге мөлшерінде 43 айыппұл салынды.

Сондай-ақ, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауапты лауазымды тұлғаларға қатысты іс қозғау үшін ішкі істер басқармасына – 12, талап арызды ұйғарымды мәжбүрлеп орындату үшін сот органдарына 12 іс жолданыпты.

Жұмысшыларға жалақының уақытылы төленбеуі де бүгінгі басты мәселенің біріне айналып отыр. Қазіргі облыс көлемінде 3 мекеменің жұмысшы алдындағы жалақы қарызы 14,8 млн теңгені құрап отыр екен. Сонымен қатар облыс тұрғындарының арыз-шағымдары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларының облыстық прокуратурамен бірлесіп атқарған шаралары нәтижесінде 28 мекеменің 3841 жұмысшысына 705,6 млн теңге өндіріліп берілген.

**С.АДАЙБАЕВА.**

ДЕПУТАТТАР ЕЛ АРАСЫНДА

# ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСТІ

**Бүгінгі таңда халық қалаулылары ел ішін аралап, жұртшылықпен жүздесіп жүргені белгілі. Осындай кездесу Қазалы ауданында да өткізілді. Ақтан батыр ауылындағы жиынға Сенат депутаттары Мұрат Бақтиярұлы, Бекмырза Еламанов және Мәжіліс депутаты Алмас Тұртаев қатысты.**

Кездесуде Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлы 2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң қабылданғанын, мұнай бағасының әлем бойынша төмендеуіне байланысты бюджет көлемі кемігенін айтып өтті. Дегенмен, «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы ұлттық қордан қаражат алынып, әлеуметтік кепілдіктер сақталып отыр деді сенатор.

Ауылдықтар депутаттың аяқ су төңірегіндегі пікіріне асқан ыждағаттылықпен құлақ түрді. Өйткені, Ақтан батыр ауылының негізгі кәсібі – күріш шаруашылығы. Сондықтан «Егінші жылда арманда» қағидасы бұл ауылға да тән. Мұрат Бақтиярұлы Орта Азиядағы аяқ су тақырыбының күрделілігін, Тоқтағұл су қоймасында жиналған судың көлемін нақты дерекпен жеткізе келе, Парламентте мемлекетаралық өзендерді халықаралық шарттарға сәйкес пайдалану жөнінде жұмыстар жасалып жатқанын айтып, жиналғандарды бір серпілтіп тастады.

Бекмырза Еламанов болса елімізде кәсіпкерлікті қолдауға байланысты біраз заңдарға өзгеріс енгізілгенін, шаруашылық субъектілері көлік салығынан босатылғанын айтып өтті. Осындай жеңілдік алдағы уақытта дайындау мекемелеріне де енгізіледі. Сонымен қатар, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіргенде ауыл шаруашылығын субсидиялауды 5-6 жылға дейін қысқартпауға рұқсат алынғанына тоқталды.

Парламент Мәжілісінің депутаты Алмас Тұртаев болса жиналғандарға балаларды қауіпті ақпараттан қорғау туралы ойын айтты. Алдағы уақытта Парламентте «Кәсіпкерлік кодексі», «Оралмандар туралы» заң қабылданады, мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы қатынас толық реттеледі, оралмандардың ҚР азаматтығын алуы жеңілдейді деген пікірін білдірді. Жиында зейнеткер Нұрғали Темірбек, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әнуарбек Оқасов, «Сыр маржаны» ЖШС директоры, аудандық мәслихат депутаты Мінажадин Өтеев өз ойларын, ұсыныстарын ортаға салды.

Аудандық мәслихат депутаты Мінажадин Өтеев басқаратын «Сыр маржаны» ЖШС ауылдың басты инвесторы саналады. Осынау іргелі ұжымда 170 адам тұрақты еңбек етеді. Оған қоса ұжымда ешқандай да штат санын қысқарту болған емес. «Шеңгелді» учаскесінде серіктестіктің 500 басқа арналған мал бордақылау алаңы бой көтеруде. Алаңға арнайы соғып жұмыс барысымен танысқан депутаттар атқарылған шаруаға ризашылықтарын жасырмады.

Келесі кезекте депутаттар Жанқожа батыр ауылының тұрғындарымен кездесті. Мәдениет үйіндегі жиында Мұрат Бақтиярұлы зейнетақы турасында болып жатқан оң өзгерістерді, Бекмұрза Қайыпұлы еліміздің ДСҰ қатарына енгені, жеткен жетістіктері туралы әңгімеледі.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

# МАЛЫ ШЫҒЫН БОЛҒАН ШАРУАЛАРҒА ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕНУДЕ

Шілденің басында Жаңақорған ауданына қарасты 5 шаруа қожалығында мыңнан астам қой-қозы шығынға ұшыраған болатын. Осының салдарынан ауданда төтенше жағдай жарияланып, ауырған малдарды оқшаулау, емдеу шаралары жүзеге асырылды. Індет ошағында зерттеу-сараптау жұмыстарын жүргізген ветеринарлар, малдың қырылуына эндотоксимия және пастереллез індеті себеп болды деген қорытынды жасады. Қазіргі таңда ауру малдарды санитарлық союға және мал иесіне өтемақы төлеуге жергілікті бюджеттен 16 млн теңге бөлініп, қолдағы түлігінен айырылған шаруалардың шығыны өтелуде. Облыс әкімдігінде өткен аппарат мәжілісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мал шығыны қайталанбауын қатаң ескертті.

– Қызылорда облысында аптап ыстық жиі болатынын жақсы білесіздер. Сол үшін осындай жағдай тағы қайталанбауын қатаң бақылауға алып, тиісті жұмыстар жүргізілу керек. Биыл біз буферлік аймақтан шығып, етті экспортқа шығаруымыз керек. Ет өндіру көлемін арттыру мақсатында жақын арада Жаңақорғанда ет өңдеу комбинатының құрылысы басталмақ. Сондай-ақ, Сырдария ауданына қарасты Шаған елді мекенінде 3000 бас мал бордақылау алаңының құрылысы басталды. Дәл осындай мал бордақылау алаңы Жалағаш ауданында да



салынатын болады, – деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

Облыс көлемінде мал ауруларының алдын алу бағытындағы шаралар туралы баяндаған облыстық ветеринариялық бақылау басқармасының басшысы Ерсұлтан Апетов, соңғы бір аптадағы тексеріс бойынша Бесарық, Көбелдес шаруа қожалықтарында мал өлімі тоқтағанын айтты. Басқарма тарапынан шаруа қожалықтарында шығынға ұшыраған және ауырып тұрған малдарға күнделікті бақылау жасалып, тиісті емдеу шаралары уақытылы жүргізілуде. Бүгінгі күні емдеу шараларының арқасында отарға қайта қосылып жатқан түлік қарасы да жоқ емес. Ал, ауырып өлген малдар тау бөктерінде болғаннан кейін жылжымалы инсинератор пештерінде және мал қорымдарында өртеліп жойылды.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

# ӘЛЕУМЕТТІК ИГІЛІК КӨПКЕ ОРТАҚ

**ҚР Парламенті Мәжіліс депутаттары Құттықожа Ыдырысов пен Бақытбек Смағұл Шиелі ауданында болды. Халық қалаулыларымен аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев бірге болып, елдегі игілікті істердің мән-жайынан хабардар етті.**



Қонақтар өңірдің ахуалымен танысып, құрылысы жүргізіліп жатқан білім беру ошақтары, өндіріс орындары жұмыстарымен танысты. Алмалы ауылдық округіне қарасты 21 бекеттегі 100 орындық мектеп салуға облыстық бюджеттен 354 млн теңге қаржы бөлініп, ағымдағы жылдың қараша айында толықтай аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар, халық қалаулылары Ә.Тәжібаев ауылында салынып жатқан 300 орындық мектептің құрылыс жұмыстарына назар аударды. Аталмыш білім ордасына облыстық бюджеттен 683 183 млн теңге қаржы бөлініп, келер оқу жылына дейін пайдалануға берілуі тиіс. Мәжіліс депутаттары құрылысшылармен жүздесуде қазіргі таңда әлемде болып жатқан дағдарысқа сабырлықпен қарап, бөлінген қаржының мақсатты пайдалануы мен тиімді жұмсалуына мән беру керектігін айтып өтті. Мұнан әрі олар Шиелідегі полиэтиллен құбырларын өндіретін Кемикал ЖШС жұмысымен танысып, Керделі ауылдық округі тұрғындарымен кездесті. Соңынан аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының ғимаратында тұрғындарды жеке мәселелерімен қабылдады.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

# ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Қоғамдық қабылдау өткізіп, халықтың мұң-мұқтажы мен талап-тілегін тыңдау қалаулылар үшін қалыпты үрдіске айналған. Аймағымызда жұмыс сапарымен жүрген Мәжіліс депутаттары Құттықожа Ыдырысов пен Бақытбек Смағұл осы үрдістен ауытқымай облыстық «Нұр Отан» партиясы ғимаратында қоғамдық қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген Қызылжарма ауылының тұрғыны, зейнеткер Қожахмет Ыдырысұлы ислам дінінің тәрбиелік маңызын атап өтіп, «Асыл Арна» телеарнасының көпшілікке қолжетімділігін арттыру туралы ұсынысын жеткізді. Ол үшін арнаны Ұлттық телеарна «Отау ТВ-ға» қосу қажет, сол уақытта халыққа қолжетімділігі арта түспек. Халық қалаулылары бұл ұсынысты зерттеп, Дін істері агенттігі мамандарымен ақылдасып, кеңес алатындығын айтты. Бұл жерде коммерциялық немесе басқа да мәселелер кедергі болуы мүмкін.

Қала тұрғыны Гаухар Омарова 2010 жылдан бері алимент ала алмай жүргеніне шағымданды. Қабылдауға қатысқан сот орындаушылар өкілі борышкерге қатысты қатаң шаралар қолға алынғанын мәлімдеді. Қазір борышкер Қарағанды қаласындағы бір компанияда жұмыс істейді. Енді ай сайын оның жалақысының 50 пайызы ұсталып тұратын болады. Осылайша бұған дейінгі 1 млн теңгеден астам қарызы өтеліп болған соң жалақыдан ұсталатын пайыз мөлшері тиісті деңгейге төмендейді. Мәжіліс депутаттары қазір алимент төлемей қашып жүргендерге заң қатал екенін жеткізді. Сонымен бірге жергілікті сот орындаушыларының Г.Омарованың мәселесін шешуде жайбарақаттық танытып келгендеріне алаңдаушылық білдіріп, бұл мәселе бойынша сот орындаушылардың жоғары тұрған органдарына шағым түсіретінін хабарлады.

Қабылдауға келген қала тұрғыны Еркін Ысқақов кезінде №112 мектепте тарих пәні мұғалімі болып жүргенде жұмыстан заңсыз қуылғаны туралы мәлімдеді. Қазір жұмыссыздар қатарында. Қабылдауға қатысқан қалалық білім бөлімінің өкілі Ысқақовтың мамандығының сәйкес келмеуіне орай босатылғанын хабарлады. Ал, қазір оған мамандығы бойынша жаңадан ашылып жатқан мектептен мұғалімдік орын ұсына алатынын жеткізді.

**Ы.ТӘЖІҰЛЫ.**
Қызылорда қаласы.

ЭКОНОМИКА

# ДСҰ БІЗГЕ ЕРКІНДІК БЕРЕДІ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ТЕ ЖҮКТЕЙДІ

Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Жуырда ДСҰ-ның Женевада өткен бас кеңесінің мәжілісінде біздің еліміздің осы ұйымға мүше болып енуінің ресми үдерісі аяқталды. Осы мәжілісте Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атап көрсеткеніндей, ендігі жерде біздің еліміздің экономикасы барынша күшті және ашық болады. Еліміздің жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімі 18 есеге өсіп, Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің деңгейіне жетеді. Еліміздің сыртқы сауда айналымының 90 пайызы ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің үлесіне тиеді.

ДСҰ бізге не береді? Әрине, ұйымға мүше болудың еркіндігі мен жауапкершілігі қатар болатыны дау туғызбайтын мәселе екені қазірдің өзінде айқындалып отыр. Егер Қазақстан 90-шы жылдары бұрынғы кеңестік дәуірдегі мемлекеттермен сауда-саттық жасаса, қазір оның аясы әлемдегі 185 мемлекетпен кеңейіп отыр. Елбасы бұл тұрғыда бүгінгі таңда еліміздің шикізат бағытындағы экономикадан біртебірте арылып, оның құрылымының жарымынан астамы қызмет көрсету, яғни, қаржы, телекоммуникация, құрылыс, энергетика және көлік саласына ауысқанын атап көрсетті. Еліміздің қаржылық институттары жаңа сапалық мазмұнда дамитын болады. Қазақстанға тартылатын инвестицияның ауқымы кеңейе түседі.

Біз ендігі жерде әлемдік сауда ұйымының талабымен өмір сүретін боламыз. Ұзақ уақыт келіссөздер жүргізілді. Еліміз әлемдік саудадағы өз мүдделерін лайықты қорғай білді. Бір атап өтерлігі, экспорттық әлеуеті зор Қазақстанннның ауыл шаруашылығы ендігі жерде Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының талаптарымен жұмыс істейтін болады. Бұл орайда Қызылорда өңірінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажеттігі туындап отыр. Алдағы жылдары ауыл шаруашылығы саласына бөлінетін мемлекеттік субсидияның көлемі халықаралық ұйымның белгіленген мөлшеріне сәйкес айқындалады. Демек, субсидия мөлшері бұрынғыдан азаюы әбден ықтимал. Сол себептен, ауыл шаруашылығы саласы бұрынғыдай мемлекеттің қолдауына сүйеніп қоймай, өздерінің біліктілігіне, кәсіби шеберлігіне арқа сүйеуі тиіс. Мұның әлбетте, Сыр күрішшілеріне де толықтай қатысы бар. Әлемдік бәсекелестік осындай талаптарды алға тартып отыр. Ал оған икемделу, яғни бәсекеге төтеп беру біздің әрқайсысымыздың төл міндетімізге айналуға тиіс.

**Ж.ӘЛМАХАН.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

2004 жылы қала әкімдігіне жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алуға жазған азаматтардың өтініштерін қанағаттандыру жұмыстарының басталуына байланысты тізімде көрсетілген азаматтар Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, № 147 мекенжайында орналасқан «Қалалық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (№ 18 кабинет, 24-78-73) хабарласуларыңызды сұрайды.

| № | Аты-жөні | Мекен-жайы | Арыз нөмірі | ЖСН немесе жеке куәлік нөмірі және байланыс нөмірлері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Төлегенова Алмагул Серікбайқызы | Қала тұрғыны | Т-250 24.01.2004ж | Куәлік 013086577 |
| 2 | Алтаева Нурсулу | Амангелді көшесі, № 103/12 | А-423 28.01.2004ж | ЖСН 511226401171 |
| 3 | Курымбаев Жанабай Нурашевич | Южная переездная көшесі, № 1 | Қ-497 02.02.2004ж | ЖСН 730103301971 КУӘЛІК 007856557 |
| 4 | Мырзалиев Азимхан Наурызханович | Бегім ана көшесі, № 11/2 | М-1187 15.03.2004ж | ЖСН 710613300932 |
| 5 | Алиева Баянкул Куанбаевна | Жібек жолы көшесі, № 2 | А-1189 15.03.2004ж | ЖСН 680626401355 |
| 6 | Гейдаров Васип Салманович | Қармақшы ауданы, ІІІ –интернационал | Г-1697 02.04.2004ж | Куәлік №034161919, ЖСН 530813301602 |
| 7 | Абылбеков Жанат | Шұғыла м.а, № 16/69 | А-1804 06.04.2004ж | |
| 8 | Сейдахметова Умытхан Изимовна | Жахаев көшесі, № 198 | С-2115 16.04.2004ж | ЖСН 410525401966 |
| 9 | Текебаева Бақыт Мәлімбайқызы | Қармақшы ауданы, Ақжар ауылы | Т-2332 23.04.2004ж | ЖСН 690918401631 |
| 10 | Сарекеева Салтанат Мурзановна | КБИ т.а, 2 Проектная көшесі, № 13 үй | С-2527 04.05.2004ж | ЖСН 791010403477 |
| 11 | Күзембаев Бауыржан | Кеншімбай көшесі, № 2-а | К-2793 13.05.2004ж | |
| 12 | Азимкулова Алтынай Амиркуловна | Гагарин көшесі, № 2А | А-3159 01.06.2004ж | ЖСН 820224202408 |
| 13 | Баликбаев Ерназар Каниевич | Гагарин көшесі, № 2А | Б-3160 01.06.2004ж | ЖСН 710131302562 |
| 14 | Мыктыбаев Амангельды | Ипподром т.а, № 44 үй | М-3242 04.06.2004ж | ЖСН 460802301072 |
| 15 | Абжалиев Сагат Бекович | Қала тұрғыны | А-3930 30.06.2004ж | Куәлік 013082329 ЖСН 850111301721 |
| 16 | Илакбаева Гульмира Сейдильдиевна | Кизатова, № 61 | И-4048 05.07.2004ж | Куәлік 009916295 Тел: 24-98-02 ЖСН 580606401950 |
| 17 | Исмаилов Жанибек Тлеуназарович | Қорқыт ата көшесі, | И-4174 08.07.2004ж | Куәлік 671125300487 тел 87051626116 ЖСН 671125300487 |
| 18 | Мантиев Мураджан Авезбайевич | Жақаев көшесі, №160/2 | М-4181 09.07.2004ж | Куәлік 011683642 ЖСН 330610801356 |
| 19 | Даткин Абай Апбазович | Алмаганбетова көшесі, № 40 үй, 46 пәтер | Д-4212 12.07.2004ж | Куәлік 010573718 Тел 24-51-15 |
| 20 | Жолмурзаева Аманкул Сабыровна | Панфилов көшесі, № 25/63 | Ж-4294 13.07.2004 ж | ЖСН 770205402968 |
| 21 | Абильдаева Бахыт Бекдильдаевна | Тәжібаев көшесі, № 23 үй, 50 пәтер | Ә-4305 13.07.2004ж | Куәлік 0078327379 ЖСН 501115401832 |
| 22 | Бекмурзаев Бакытбек Шакенович | Рашин көшесі, № 2/1 | Б-4387 15.07.2004ж | ЖСН 651029301856 КУӘЛІК 030944303 |
| 23 | Тажибаев Адилбек Нагашыбаевич | Тасбөгет кенті, Әбілқасымов көшесі, № 47 | Т-4401 15.07.2004ж | ЖСН 670902302404 |
| 24 | Сұлтанов Нұрлыбек Мирамбекұлы | Тасбөгет кенті, Ленин көшесі , № 52үй | С-4449 16.07.2004ж | ЖСН 851101302986 |
| 25 | Аяганов Кенжегара Алиевич | Тасбөгет кенті, Наурыз ш.а, № 34/5 | Ф-4470 16.07.2004ж | Куәлік 581101303510 ЖСН 581101303510 |
| 26 | Тулегенов Болатбек Орынбекович | Торайғыров көшесі, № 54 үй | Т-4482 16.07.2004ж | Куәлік 600127302101 ЖСН 600127302101 |
| 27 | Досанов Бауыржан Максинбекович | Торайғыров көшесі, № 23 | Д-4646 21.07.2004ж | Куәлік 860810300913 ЖСН 860810300913 |
| 28 | Рыскулова Алтынкуль Казбековна | Қорқыт ата көшесі, № 186 үй | Р-4706 22.07.2004ж | ЖСН 650610402132 |
| 29 | Утеубаева Жанар Абсадыковна | Мұратбаев көшесі, № 9 үй | У-4757 23.07.2004ж | Куәлік 007887157 |
| 30 | Абсатова Лаззат Рахимжановна | Титов тұрғын ауданы, № 2/3 | А-4798 23.07.2004ж | ЖСН 701021402244 |
| 31 | Туменбаев Алмас Шораевич | Алтынсарин көшесі, № 98 үй | Т-4878 27.07.2004ж | Куәлік 650612302345 ЖСН 650612302345 |
| 32 | Акбердиева Дана Касымбековна | Саулет т.а, 10 квартал, № 15 уч | А-4939 28.07.2004ж | Куәлік 750405402159 ЖСН 750405402159 |
| 33 | Жусупова Акмарал Амантаевна | Майлин көшесі , № 23 үй | Ж-4996 29.07.2004ж | ЖСН 741102402777 |
| 34 | Абдибеков Бакытжан Кыргызбаевич | Шұғыла м/а | Ә-5057 30.07.2004ж | Куәлік 007832082 |
| 35 | Бердибекова Гульбиба Мешитбаевна | Жеңіс көшесі, № 98/55 | Б-5121 02.08.2004ж | Куәлік 005484973 ЖСН 720213401499 |
| 36 | Рсаева Саракул | Жеңіс көшесі, № 96/3 | Р-5142 02.08.2004ж | |
| 37 | Прназарова Сауле Талканбаевна | Шұғыла м.а , № 1а/7 | П-5209 03.08.2004ж | Куәлік 005485175 |
| 38 | Бекишова Айганша | Шұғыла м.а, № 11а/ 53 | Б-5251 04.08.2004ж | ЖСН 650101415810 |
| 39 | Калабаева Сян | Камалов көшесі, № 34 | Қ-5503 12.08.2004ж | ЖСН 500320402314 |
| 40 | Юсупов Дженгисали Кидиралиевич | Панфилов көшесі, № 25/10 | Ю-5564 13.08.2004ж | РНН 330120289534 |
| 41 | Игібаев Қанат Тыныбекұлы | Қорқыт ата көшесі, № 140/70 | И-5627 17.08.2004ж | ЖСН 770603301114 |
| 42 | Куракбаева Ботагоз Жаксылыковна | Тайманов көшесі, № 3/17 | К-5683 18.08.2004ж | РНН 331018845803 |
| 43 | Тулебаева Айгуль Уразалиевна | Жаппасбай батыр көшесі, № 43 | Т-5728 19.08.2004ж | ЖСН 720718402096 |
| 44 | Жилкайдаров Ердилда Бодыкович | Тоғанас батыр көшесі , № 132 | Ж-5808 20.08.2004ж | Паспорт N1984835 |
| 45 | Калдыбеков Сабыржан Сламович | Жахаев көшесі, № 27 | К-5828 23.08.2004ж | ЖСН 770809302192 КУӘЛІК 013140060 |
| 46 | Калдыбаева Ажаркуль Кенесовна | Молдағұлова көшесі, № 17 | К-5939 25.08.2004ж | ЖСН 660714401697 |
| 47 | Серикбаев Конысбек Алмуратович | Дүр Онғар көшесі, №16 | С-5989 26.08.2004ж | ЖСН 720731301895 |
| 48 | Султанбекова Нургуль Бердибековна | Бөкейхан көшесі, № 11а/12 | С-6136 01.09.2004ж | РНН 331018946500 |
| 49 | Алмат Нурлыбек Накыпулы | Бөкейхан көшесі, № 11а/12 | А-6141 01.09.2004ж | РНН 330620039386 |
| 50 | Накыпова Гульфиза Накыповна | Бөкейхан көшесі, № 11а/12 | Н-6142 01.09.2004ж | РНН 330620034576 |
| 51 | Искакова Жанар Сейфуллаевна | Арай көшесі , № 34 | И-6159 02.09.2004ж | КУӘЛІК 001780524 |
| 52 | Досхожаева Айнагуль Шамшраковна | 3 іріл.квартал , № 2/44 | Д-6237 03.09.2004ж | Куәлік 000022164 Тел 23-57-52 |
| 53 | Баймурзаев Галым Асылбекович | Мүсірепов көшесі, № 20/66 | Б-6253 03.09.2004ж | Куәлік 005517131 |
| 54 | Халбаев Канат Турдибекович | | Х-6337 07.09.2004ж | |
| 55 | Прназарова Гульмира Бекназаровна | Титов қыстағы, № 29/58 | П-6431 08.09.2004ж | Куәлік 013099718 |
| 56 | Оразымбетов Нурлан Бектурсынович | Шұғыла м.а, № 4/85 | О-6546 10.03.2004ж | ЖСН 630826301038 КУӘЛІК 013135986 |
| 57 | Шамсиева Гульнара Абдувахобовна | Әуезов көшесі, № 14/5 | Ш-6622 14.09.2004ж | |
| 58 | Куракбаев Амандык | Рисмаш көшесі, № 3 | К-6682 15.09.2004ж | ЖСН 510129300642 |
| 59 | Боранбаев Жомарт | Алтын орда көшесі, № 19/20 | Б-6695 15.09.2004ж | Куәлік 001738982 |
| 60 | Ержанов Жанболат Жаксибаевич | Саулет көшесі, № 18/7 | Е-6764 16.09.2004ж | КУӘЛІК 0078607240 |
| 61 | Айкупешова Жанар Маликаждаровна | Шұғыла м.а, № 27/83 | А-6942 22.09.2004ж | ЖСН 630804401760 КУӘЛІК 007881467 |
| 62 | Кадирова Гулсара Шынболатқызы | Төле би көшесі, № 96 үй | К-7343 01.10.2004ж | ЖСН 701103401915 КУӘЛІК 009801769 |
| 63 | Бекхалиев Лесбай Рамазанович | Тасбөгет кенті, Махамбетов көшесі, № 3/2 | Б-7605 11.10.2004ж | РНН 330120309345 |
| 64 | Джумагалиев Абдихалик Туляганович | Ескараев көшесі, № 9 үй | Д-7711 13.10.2004ж | ЖСН 540428301909 |
| 65 | Сарсенбаев Нагашыбай Есболович | Чин Сан Тина көшесі, № 28 | С-7752 14.10.2004ж | ЖСН 830703302050 |
| 66 | Баймаханов Бахит Мекембаевич | Қорқыт ата көшесі, № 120а /2 | Б-7923 20.10.2004ж | ЖСН 710821302682 |
| 67 | Мырзагулова Бакыт Кемалашевна | Тайманов көшесі, № 119 | М-7954 20.10.2004ж | Куәлік 013094109 ЖСН570101411147 |
| 68 | Абильдаева Шарипа | Шұғыла м.а, 54 үй, 62 пәтер | А-8018 22.10.2004ж | ЖСН 551106400851 |
| 69 | Ибрагимов Айдос Айболович | Арай м/а ауданы тұрғыны | И-8029 22.10.2004 ж | ЖСН 780621300334 |
| 70 | Наурызбаева Кенжекул Токтаровна | Медетбаев көшесі, № 15 үй | Н-8091 26.10.2004ж | ЖСН 770421400153 |
| 71 | Еримбетов Альтемир Жумахметович | Кеншімбай көшесі, № 80 үй | Е-8126 27.10.2004 ж | ЖСН 810214301912 |
| 72 | Аймбетова Таржан | Қазақстан көшесі, № 76 үй | А-8127 27.10.2004ж | ЖСН 470710401873 |
| 73 | Капанова Айгул Камаладиновна | Сәулет ауданы, № 168 а үй | К-8164 28.10.2004ж | Куәлік 001706251 |
| 74 | Жүнісов Жандарбек Асылбекұлы | Қазақстан көшесі, №70 үй | Ж-8187 28.10.2004ж | ЖСН 710925301997 |
| 75 | Бекеева Асия Нурахмедовна | Базарбаев көшесі, № 41 үй | Б-8192 28.10.2004ж | |
| 76 | Рахматуллаев Бекмурат Нурмаханбетович | Проектная көшесі, № 4 үй | Р-8217 29.10.2004ж | ЖСН 77016301345 |
| 77 | Оспанова Гульжамал Патшабековна | Шәкәрім көшесі , № 58 үй | О-8248 29.10.2004ж | ЖСН 800312403153 |
| 78 | Омаров Куаныш Балтабекович | Бұхарбай көшесі, № 34/36 | О-8458 03.11.2004ж | ЖСН 701226301610 |
| 79 | Ахметова Жанар Балтабековна | Тәжібаев көшесі, № 25/43 | А-8479 03.11.2004 ж | ЖСН 831218400840 |
| 80 | Бейсенов Онталап Абаевич | Жеңіс көшесі, № 89 үй | Б-8487 03.11.2004ж | Куәлік 005500679 ЖСН 721202301455 |
| 81 | Шаихов Нурмахан Икрамович | Сәулет т.а, 221 а квартал, 507 уч | Ш-8599 05.11.2004ж | ЖСН 700719301767 |
| 82 | Ибраев Серик Бухарович | Байсейтова көшесі, № 96/6 | И-8719 08.11.2004ж | ЖСН 660917301684 |
| 83 | Алтынбеков Сейлбек Алтынбекович | қала тұрғыны | А-8734 09.11.2004ж | ЖСН 440615300311 |
| 84 | Каржауова Баян Маликовна | Бөкейхан көшесі, № 90 үй | К-8742 09.11.2004ж | ЖСН 720320401440 тел 23-17-42 Сот 87012811923 |
| 85 | Аманов Мұрат Жаппарұлы | Мерей м/а, № 22/14 пәтер | А-8768 09.11.2004 ж | ЖСН 570601302239 |
| 86 | Дарменбаева Нурсулу Абдраевна | Абай даңғылы, 28/29 | Д-8813 10.11.2004 ж | ЖСН 701108401497 |
| 87 | Кожаниязова Индира Бауыржановна | Сәулет ауданы, 8 кв, № 2 уч | К-8829 10.11.2004 ж | ЖСН 850112400468 |
| 88 | Бестаев Бактыбай | Қала тұрғыны | Б-8842 10.11.2004ж | |
| 89 | Манабаев Баходир Жахонбоевич | Қазақстан көшесі, № 151 | М-8898 11.11.2004ж | |
| 90 | Баймаханов Мейрамбек Абубакирович | Қоңыратбаев көшесі, № 40 үй | Б-8998 12.11.2004 ж | ЖСН 751228301899 |
| 91 | Абсадыкова Г | | А-9229 17.04.2004ж | |
| 92 | Наурызбаев Нурболат Ермекович | Арал ауданы, Қарақұм кеңшары | Н-9541 22.11.2004ж | ЖСН 801123302253 КУӘЛІК 007835654 |
| 93 | Омарбекова Набат Жунисовна | Төле би көшесі , № 101үй | О-9804 24.11.2004ж | Куәлік 001739541 |
| 94 | Досжанов Мурат | Тоқмағанбетов көшесі, № 25/38 | Д-10040 26.11.2004ж | ЖСН 420222301409 |
| 95 | Досмамбетова Алмагул Базарбаевна | Дүр Оңғар көшесі, № 4 | Д-10123 29.11.2004ж | ЖСН 690303402339 |
| 96 | Нурмаханов Бегалы Таженович | Шұғыла м.а, № 2/14 | Н-10612 02.12.2004ж | Паспорт N 0181075 |
| 97 | Шайхынбеков Рахметулла Мухамбетович | Шұғыла м.а, № 4 /91 | Ш-10654 03.12.2004ж | ЖСН 741011301906 |
| 98 | Умарова Асаль Кудайбергеновна | Ақмешіт м.а, № 16/33 | У-10699 03.12.2004ж | ЖСН 820117401537 |
| 99 | Сатыгулов Нурбек Амангелдиевич | Бердаулетов көшесі, № 42/2 | С-10886 07.12.2004ж | ЖСН 880310300512 |
| 100 | Маханов Нурлан Сьезович | Госплемстанция тұрғыны | М-11142 08.12.2004ж | ЖСН 710929301631 КУӘЛІК 007822872 |
| 101 | Тулегулова Разия Саликовна | Сатпаев көшесі, № 10/43 | Т-11244 09.12.2004ж | Куәлік 011686871 |
| 102 | Егдирбаев Жумагали Юлдашевич | Садуакасов көшесі, № 35 үй | Е-11188 09.12.2004ж | № 009922707 ЖСН 600822301974 |
| 103 | Маханова Мейрамкуль Журсынбаевна | КПД 53/3 | М-11200 09.12.2004ж | ЖСН 661108401883 |

Ескерту: Сонымен қатар, тізімге 2004 жылғы жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алуға жазған өтініштерінің немесе анықтама түпнұсқасы болып, осы уақытқа дейін жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер алмағандығы анықталған жағдайда аталған тізімге енгізілетін болады.

## ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 468320, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы, 16 үй, байланыс телефондары (8 336-22) 2-35-03, apparat_akima@list.ru «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**«Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік бағдарламалар мен Байқоңыр қаласын, Төретам және Ақай елді мекендерін әлеуметтік-экономикалық дамыту жобаларын іске асырылуын жалпы үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру бөлімінің бас маманы санаты D-O-4 (№02-02), 1 бірлік.**

**Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).**

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Заңдарының, Президент актілерінің, халықаралық шарттарының және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын азаматтар мен ұйымдар тарапынан орындалуына ықпал ету.

«Байқоңыр» кешеніндегі жұмыс істеп жатқан Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мекемелердің қызметіне жалпы үйлестіруді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының юрисдикциясын және «Байқоңыр» кешеніндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша «Байқоңыр» кешеніндегі мемлекеттік қатысу үлесі бар қазақстандық мемлекеттік органдар, мекемелер мен ұйымдар қызметінің тиімділігіне талдау жасау.

Қоғамдық пікірді зерттеу, аймақтағы саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың дамуына болжам жасау.

«Байқоңыр» кешенінде өмір сүріп жатқан азаматтардың өтініштерін қарауды ұйымдастыру.

Байқоңыр қаласының әкімшілігі, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және басқа да қоғамдық пен діни бірлестіктер мен мемлекеттік органдар арасындағы әрекеттестікті ұйымдастыру.

Байқоңыр қаласы, Төретам және Ақай елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының жобалары мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы бойынша бақылауды және жалпы үйлестіруді жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының юрисдикциясы және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталуы мәселелерін қозғайтын сұрақтар бойынша орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарының шешімдеріне келісу.

**Үміткерлерге қойылатын талаптар:**

Құқық (құқықтану) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе техникалық ғылымдар және технологиялар (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) мамандығы бойынша жоғары білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі құқық (құқықтану) немесе қызмет көрсету экономика және басқару (экономика, есеп және аудит, қаржы) немесе байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) мамандығы бойынша білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 наурызда №8380 тіркелді).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы, 468320, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы, 16 үй, 2 қабат, №210 бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесі: 468320, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы, 16 үй мекен-жайы бойынша әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылардың қатысуына жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партия өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды тіркеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-4 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге арналған тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма), Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының конкурстық комиссиясы.**

## ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ...



Қатал сынды тағдырдың жазуымен біздің аяулы да ардақты әріптесіміз, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Шарбан Дәкішқызы Баязитованың өмірден озғанына да жылдың жүзі болды.

Баязитова Шарбан Дәкішқызы 1962 жылдың 20 наурызында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Абай ауылында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы №253 қазақ орта мектебін үздік бітіріп, 1979-1983 жылдары Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын тәмамдады. Еңбек жолын Қармақшы ауданындағы №27, 113 қазақ орта мектептерінде, №14 кәсіптік-техникалық училищеде – мұғалім, «Сейхун» институтында – оқытушы, кафедра меңгерушісі, ректоры қызметтерін абыроймен атқарды. 1997 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2008 жылы экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғап, академиялық профессор атағын алды. 2009-2012 жылдары «Қазақ-Қытай» академиясының кафедра меңгерушісі, өмірінің соңына дейін «Абылай хан» атындағы колледжінің директоры қызметін абыроймен атқарды. Басшылық қызметтер мен ұстаздық жолды ғылым жолымен қатар алып жүріп қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты.

Ол бар саналы ғұмырын кәсіби сапалы мамандар даярлау ісіне арнап, шәкірттерінің ыстық ықыласы мен ілтипатына бөленген ардақты ұстаз еді. Шарбан Дәкішқызы үшін ең қымбат дүние – тәңірдің сыйға берген жасампаздық талантын одан әрі дамыту және оны жарқырата отырып, шапағатын басқа жұртқа да жеткізу, өзі шыққан биікке өзгелерді де тарту болатын. Адам жанын терең түсінетін, тез тіл табысатын және кез келген мәселені ақылмен, сабырмен шешетін асыл қасиеттерін біздер ерекше бағаладық. Ұстаз-ғалымның абыройлы істері мен ғазиз бейнесі әріптестерінің және үлкен өмірге жолдама берген мыңдаған шәкірттерінің есінде ұзақ сақталатыны белгілі.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген халқымыздың ғибратты сөзі бар. Оның сұлу да сымбатты жарқын келбетін, ақжарқын мінезін, парасатты болмысын сағынышпен еске ала отырып, пейіште жаныңыз құран нұрымен нұрлансын демекпіз.

Еске алушы: **Ранай Закарияева.**

## ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 120500, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй, анықтама үшін телефондары 8(7243) 72-19-59, факс 8(7243) 72-19-59. karmakchi@mail.ru**

**«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**Қармақшы ауданы әкімі аппаратының басшысы, санаты Е-2 (№01-4) - 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 103782 теңгеден 140298 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).**

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

Аудан әкімі тағайындайтын кадрлар жөніндегі ұсыныстарды зерделеу және енгізу, оларды марапаттау немесе Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік актілерін, аудан әкімінің шешімдері, өкімдері мен тапсырмаларының орындалу мәселелері бойынша тексерулер ұйымдастыру және оларды орындамаған лауазым иелеріне тәртіптік жаза қолдану жөнінде құжаттар әзірлеп, аудан әкіміне ұсыныс беру. Аппарат жұмысының ішкі тәртібін белгілейді, оның орындалуына бақылау жасайды. Аудан әкімі аппараты бөлімдері қызметкерлерінің өзара міндет бөлісу тәртібін бекітеді, сондай-ақ аудан әкімдігінің қаулыларын, аудан әкімінің шешімдері мен өкімдерінің, басқа да құжаттарының жобаларын аудан әкіміне ұсынады. Аудан әкімі аппараты, бөлімдер, кент және ауылдық округ әкімі қызметкерлерінің еңбек тәртібінің сақтауын бақылау, аудан әкімі аппаратымен, бөлімдер, кент және ауылдық округ әкімі аппараттарының облыс әкімі аппаратымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету. Әкімнің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық құқықтық және материалдық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастыру. Аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру. Азаматтарды қабылдап олардың ұсыныстары мен арыз-өтініштерін қарап олар бойынша тиісті шешімдер қабылдауды ұйымдастырады. Аудан әкімі аппаратында құпиялылық режимінің, құпия іс құжаттардың жүргізілуіне бақылауды ұйымдастырады. Құпия құжаттардың тиісті талаптарға сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Білім немесе құқық немесе гуманитарлық ғылымдар немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе менеджмент немесе есеп және аудит немесе қаржы немесе мемлекеттік және жергілікті басқару) мамандықтары бойынша жоғары білім.

**Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:**

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;
4) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;
5) ғылыми дәрежесінің болуы.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3х4 үлгідегі фотосурет пен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).

Егер азамат еңбек өтілін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй, 19-кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**Е-2 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** Мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); Логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

# БАТЫР ҚОРЫ БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАДЫ

**Білім ошақтарында алғашқы қоңырау үні соғылар күн алыс емес. Ата-аналар балаларын шама-шарқы жеткенше мектепке даярлап, қажеттіліктерін түгендеуге тырысып жатыр. Кім болса да, қолынан келсе, перзентінің ықыласы ауған нәрсесін алып беруді қалайды. Бірақ қолдың қысқалығы ата-ана қалауы мен бала тілегінің орындалуына кедергі болатыны шындық.**

Мұндай қиындықтар көбіне ата-анасы жұмыссыз, көпбалалы отбасыларында туындайды. Республикамыздың түкпір-түкпірінде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» акциясы бұл түйткілді мәселенің шешілуіне атсалысып келеді. Аталмыш шараны ҚР Білім және ғылым министрлігі оқушылардың мектепке баруын толық қамтамасыз ету туралы Елбасы тапсырмасына сәйкес 2008 жылы алғаш рет ұйымдастырған. Содан бері 1 тамыз бен 30 қыркүйекке дейін әлеуметтік жағдайы нашар отбасынан шыққан мыңдаған бала оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп келеді. «Бұл балалардың әлеуметтік себептерге байланысты мектепке келмей қалуын болдырмау мақсатында жасалып отырған қолдау» дейді қалалық білім бөліміндегілер.

Аталмыш акцияға «Жанқожа батыр бабамыз» Қызылорда қайырымдылық қоры да өз үлестерін қосты. 2014 жылы батыр бабаның 240 жылдығы қарсаңында құрылған қор бұған дейін де біраз қайырымдылық жасаған.

– Біз Жанқожа батыр бабамыздың атындағы қор есебінен «Мектепке жол» акциясы негізінде кездесіп отырмыз. 2014 жылы айтулы мерекеге орай Темір жол вокзалының алдында үлкен ескерткіш қойылған болатын. Қазалы ауданында, туған жерінде де кең көлемде аталып өтілді. Ол өзінің әулиелігімен, ерлігімен қазақ халқына белгілі болған батыр. Біз осы акция аясында қор атынан 2015 жылы мектепке қадам басқан балаларға сый-сияпат жасамақшымыз. Қадамдарыңыз құтты, сәтті болсын, бүлдіршіндер, – деді алғаш болып сөз алған қор мүшесі, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Әбдібаев.

Мұндай іс-шараның шарапатын көрген жандардың бірі – Шолпан Саимова. Тоғыз бала тәрбиелеп отырған жалғыз басты ана қазір бала күтіміне байланысты үйде отыр екен. Сондықтан мектепке баратын 7 баласына киім-кешек былай тұрмақ, құрал-жабдықтарын алып берудің өзі үлкен мәселе. Ал аталмыш акция аясында қос ұлы бірдей сөмке толы құралдар мен тәттілер салынған дорбаны алғанына қуанышты.

– Мұндай акциялар мен секілді біраз отбасының жүгін жеңілдетіп, жоғының түгенделіп қалуына сеп болатыны шындық. Шараны ұйымдастырған және қайырымдылық іспен айналысып жүрген азаматтарға аналық алғысымды білдіремін. Алла разы болсын, кәсіптеріне береке берсін, – деді ол.

Осылайша, тұрмысы қиын отбасы балаларына «Мектепке жол» ашқан акция 120 баланы қуанышқа бөлеп, ұйымдастырушылар ата-аналардан алғыс алды. Қалалық білім бөлімі 30 қыркүйекке дейін әлі 3 мыңнан аса баланы қамтитындықтарын айтуда.

**Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.**

СЫРДА ТУҒАН СЫРЛЫ ӘНДЕР

# АҚ ТАМАҚТЫҢ АСТЫНДАҒЫ ҚАРА МЕҢ

**Сұлулықтың сәнін, махаббаттың әнін сезіну жастық шақтың еншісі. Сүйе білу үшін әдемілікке құмартып, сұлулыққа сүйсінбесе сезім, шіркін, бықсып жанған от секілді жалындамай қалмай ма?! Ғашық болдым дегенше, бар құпияңды ашып болдым, байлығыңды шашып болдым дей бер.**



Әнші Әлмырзаның осындай аласұрып жүрген кезі еді. Өнерпаз екендігін жұрт білгенімен, кейіннен «Ақсақ киікті» зарлататын дәуіріндегідей танымал емес тұғын. Сүйгенін көріп сүйсініп, көзден таса болса күрсінген мың құбылған шағы болатын. Бұл өткен ғасырдағы жетпісінші жылдың жаз ортасы. Қызылорда қаласына бара қалды. Шаруасын жинақтап болысымен осы қаладағы нағашы апасы Күнімханның үйіне түстенуге кідірді. Самаурын қайнап, дастархан жайылғанша ермек болсын деп шкаф үстіндегі альбомды қолына алған-ды. Арасынан газет қиындысын кезіктірді. Ізтай Мәмбетовтің өлеңі «Қара мең» деп аталады. Әдемі екен, жанына жаға кетті. Онсыз да өрекпіп тұрған жүрегі дүрсілдей жөнелді. Дереу әлгі өлеңді басқа қағазға көшіріп алды.

«Ақ тамақтың астындағы қара мең»
Жүрегімді дір еткіздің қарап ең...»

Осыдан соң-ақ Әлмырзадан маза қашты. Әлдеқайдан бір әуен құйындай соғып өтіп, жым-жылас жоғалды. Дел-сал болып бұл қалады. Өнердің құдіреті деген осындай түсініксіз болар ма. Бойдақтың тізгінсіз тірлігі де басымен алысқан асаудай тұрақ таптырар емес. Тек, ғашығы Патманы көргенде ғана, оның өзіне деген жылы көзқарасын аңғарғанда өзін Қыз Жібегін аялаған Төлегендей сезінер еді...

Махаббат! Адамды мейрімді де, мерейлі етер қасиет! Ақын да батыр етер сиқырын қайтерсің. Мұқағали айтпақшы, «Зымиян да осылар, Зиялы да!..» Қыз дегенің де бір пәле, жылап тұрып күледі. Күліп тұрып арбайды. Жүрегін тербеп, ұзақ «толғатқан» ән туды, «Ақ тамақтың астындағы қара мең» деп аталады.

«Ақ тамақтың астындағы қара мең,
Жүрегімді дір еткіздің қарап ең.
Дір еткіздің пытырадай қара мең,
Өзің енді таба қойшы, маған ем...»

Ән әлегімен жүріп Әлекең өзін-өзі ұмытқандай екен, бір жеңілдеп қалды. Осы әнін өзі орындап жүрді. Бір күні тағы бір ой түсті.Сүйген қызы Патманың туған күні жақындап қалды. Ол дүкенде сатушы болып істейді. «Туған күніне не сыйласа болады? Дайын затты бергеннен не қадір? Онан да ән шығарса қайтеді?» Әнші, сазгер Әлмырза Ноғайбаев осы ойға бекінді.

Патманың жақын құрбысы бар еді. Есімі – Ізімкүл, екеуі бір класта оқыған. Кейде Әлмырза мен Патма жастық желікпен келіспей қалса, екеуін қайта жарастыратын сол қыз. Әлекең де ерінбейді, сүйген қызы қабағын түйсе, Қызылордада пединститутта оқитын оның құрбысына жетіп барады. Ізімкүл ауылға келіп, екеуіне төреші болып жүргені. Шығар жаны бөлек демесең, біріндбірі қимас достар. Сондықтан да екеуіне екі ән арнау керек. Көп ұзамай «Дүкенші қыз» әні де дүниеге келді.

Жетпісінші жылдардың жастарының есінде, облыс орталығында жұмсақ пластинаға дыбыс жазу студиялары болатын. Туған күн немесе басқа мерекелермен құттықтап, соңынан ән жолдайтын үрдіс сол кезде шықты. Осы ойына түскен Әлекең мандалинамен орындап, екі құрбы қызға екі ән арнады. Бірі «Дүкенші қыз» – Патмаға, ал алғашқы әні оның құрбысына. Екеуінің арасына дәнекер болып жүрген сол ғой. Екеуі де әнші жігіттің сыйлығын алып қуанып қалды. Еңбегі еш кетпеді, көп ұзамай сүйгеніне қосылды. Қыз дегеннің қияметтік жолы осылай алынды.

Әлмырза мен Патма бес перзентті болды. Ақмарал, Нұрлан, Сырлан, Ақмаржан, Әнсая! Бәрі де өмірден өз орнын тапқан азаматтар болып жетілді. Алды немере сүйгізіп отыр.

– Махаббатым бәсеңсіген жоқ, сәл шау тартқандай болсам, «Ақ тамақтың астындағы қара мең» әнін шырқап қоя беремін. Сонда баяғы жиырма бесіме қайта оралғандай боламын, – деп әзілдейді әнші ағамыз. Ойнаса да, ойындағысы-ау, алпыстан асса да өзі әлі киіктің оңқай асығындай алшы түсуінен танар емес. Біз мұнысына қуандық.

«Ахау, қара мең!
Жүрегімді дір еткіздің қарап ең.
Өзің енді таба қойшы маған ем.
Ақ тамақтың астындағы қара мең!
Ахау-у!»

Бұл әнді қазір Қызылордадағы филармонияның «Тұран» тобы орындап жүр. Үлкен сахналарда тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырар, жастарды елеңдетіп, егделерді әсерлендірген тамаша әннің бірі.

Айтпақшы, тоқсаныншы жылдары «Келіндер сыны» атты байқауда Әлмырза Ноғайбаевтың аталған «Қара мең» әнін орындаған қызылордалық келін екінші орынды иемденіп, елге танылған еді.

Иә, сырлы әуен махаббат алауымен отауды, отанды жылытып тұрған секілді.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі кенті.

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 40-09-53, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (уақытша, негізгі қызметкердің жүктілігіне және босануына байланысты еңбекке жарамсыздық кезеңіне) (E-G-3 санаты 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 53813 теңгеден 69957 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).**

**Негізгі функционалдық міндеттері:**

- «Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызмет бабында ауылдық округ әкімінің қызметтік нұсқаулары мен тапсырмаларын уақытылы және сапалы орындайды;
- Қазақстан Республикасы Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, облыс, қала әкімдігінің қаулыларын, облыс, қала әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін, облыстық және қалалық мәслихаттардың шешімдерін орындалуын қамтамасыз етеді;
- «Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жылдық жұмыс жоспарының жобасын әзірлеуді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- облыс, қала әкімдерінің, олардың орынбасарларының, аппарат жетекшісінің тапсырмаларын, Тұрақты кеңес мәжілісінің хаттамаларынан туындайтын тапсырмаларды мерзімінде, сапалы орындалуын жүзеге асырады;
- ауылдық округ әкімі аппаратындағы барлық кадр жұмыстарын жүргізеді;
- мемлекеттік органдармен кадр мәселелері және іс жүргізу бойынша өзара іс-әрекет жасайды;
- мемлекеттік қызметтің тиімділігін бағалау әдістемесінің «Персоналды басқару» бағытындағы жұмыстарды жүргізеді;
- ауылдық округ әкімі аппаратына кадр таңдауға және орналастыруға, ауыл әкіміне қызметкерлердің біліктілігін арттыру, ұсыну, оларды көтермелеу мен оларға жаза белгілеу, кезекті еңбек демалысын беру және қызметтік іс-сапарларға жіберу жөнінде ұсыныстар дайындайды;
- аппараттың штаттан тыс қабылданған қызметкерлерін тағайындау және босату жөнінде құжаттарды, жеке құжаттарын рәсімдейді;
- ішкі еңбек тәртібін қадағалайды, қоғамдық жұмысшылардың жұмыстарын үйлестіреді;
- аппараттың қызметкерлерін тағайындау және босату жөнінде құжаттарды рәсімдейді, құжаттардың толық болуына жауапты болады;
- жаңадан мемлекеттік қызметке қабылданған қызметшілердің құжаттарын арнайы тексеруге уақытылы жіберілуін, қызметкерлердің жеке іс-құжаттарын заңдарға сәйкес жүргізілуін, еңбек кітапшаларының толтырылуын қамтамасыз етеді;
- аппараттың қызметкерлерінің еңбек өтілдерін дұрыс есептеуді жүргізеді;
- конкурстық және аттестациялық, тәртіптік, еңбек өтілін анықтайтын комиссиясының хатшысы қызметін атқарады, аталмыш комиссиялардың жұмыстарын және мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жұмыстарын үйлестіреді;
- ауылдық округ әкімі аппаратының жанынан құрылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері жөніндегі комиссияның қызметін үйлестіреді;
- ҚР Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөртабандарды және арнайы мөрқалып бояуларын сақтау жұмыстарын жүргізеді;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланкілік өнімдерді есепке алу, беру, және бүлінген бланкілерді актімен жою жұмыстарын жүргізеді;
- Қазақстан Республикасы заңдылықтарының іс-әрекетін зерттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, ауылдық округі әкімінің нормативтік-құқықтық актілерінің заңнамаларын сақтау, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, ауылдық округі әкімінің шешімдері мен өкімдерін әзірлейді;
- «Қызылорда облысындағы мемлекеттік ұйымдарға іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы» облыс әкімдігінің 2001 жылғы 13 қыркүйектегі қаулысына сәйкес жұмысты жалғастырады;
- мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстарына мониторинг жүргізеді, тиісті органдарға есеп береді;
- ауылдық округі әкімі аппаратының іс-қағаздарын жүргізеді, кіріс-шығыс қағаздарының уақытылы тіркелуін, тиісті орындарға мәліметтердің уақытылы жіберілуін қамтамасыз етеді;
- ауыл әкімінің актілерінің, директивалық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- облыстық мұрағаттар мен құжаттама басқармасымен келісіп, мезгілінде қажетті құжаттарды бекіту жұмыстарын үйлестіреді;
- мерзімі аяқталған құжаттардың мұрағатқа өткізілуін ұйымдастырады;
- қала әкімі аппаратына кадрлық есептемелерді уақытылы және сапалы өткізілуін қамтамасыз етеді;
- қалалық прокуратурадан, облыс әкімі аппаратынан, қала әкімдігінен және т.б. мемлекеттік органдардан келіп түсетін талапнамаларға, наразылықтарға, ұсыныстарға және телефонограмаларға уақытылы, сапалы, толық қанды ақпараттарды ұсынады, заңға сәйкес жауап жолдайды;
- I-ОЛ нысанды статистикалық есебі мәліметтерін уақытылы тапсыруды қамтамасыз етеді;
- статистикалық есептерге, бөлімге келіп түскен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің сұраныс, хаттары, есептемелеріне жауап дайындайды;
- ауыл әкімінің жеке қабылдауының ұйымдастырылуы мен өткізілуін қамтамасыз етеді;
- ауылда атқарылған жұмыстар мен іс-шараларды қала әкімінің ресми веб-сайтына толымды ақпараттармен толықтырады;
- ауылдың әлеуметтік көрсеткіш есебін (индикаторлық есебін) жүргізеді;
- «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес, ауылдық округі әкімінің аппаратына келіп түскен арыз-шағымдарға уақытылы жауаптар беріліп, орындалуын қамтамасыз етеді;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасап, білім, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелерімен жұмыстарын ұйымдастырады;
- ауылдық округі әкімінің аппаратының мәжілістерінің және ауыл тұрғындарының мүддесіне қатысты мәселелердің шешілуіне орай жиналыстарды жоспарлау және өткізуге дайындау жұмыстарымен қоса қабылданған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- мемлекет басшысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жүргізіп отырған саясаты туралы үгіт-насихат шараларын өткізеді;
- ауыл әкімінің ауыл тұрғындарымен есепті кездесу жиынына дайындық жұмыстарын жүргізеді (баяндама әзірлеу, билбордтар, слайд, мәліметтер және т.б.);
- ауылдық округ аумағында ауыл әкімінің қатысуымен өткізілетін іс-шараларға байланысты қажетті құжаттарды, материалдарды, ақпараттарды дайындайды, ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысады және тиісті деңгейде өткізілуін қамтамасыз етеді;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелер қарсаңында тиісті іс-шаралар дайындап, өткізу, ауылға мерекелік безендендірулер жасауды жүзеге асырады.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Жоғары білім. Жоғары білімі бойынша мамандықтар тізбесі:
- Білім: мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, педагогика және психология, матаматика, физика, информатика, тарих, құқық және экономика негіздері, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі: екі шетел тілі, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
- Гуманитарлық ғылымдар: философия, халық аралық қатынастар, тарих, филология, аударма ісі, шығыстану;
- Құқық: құқықтану, халықаралық құқық, құқық қорғау қызметі;
- Өнер: сәулет;
- Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: саясаттану, психология, журналистика, экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару;
- Жаратылыстану ғылымдары: математика, информатика, физика, химия, биология, экология, география, гидрология;
- Техникалық ғылымдар және технологиялар: автоматтандыру және басқару, ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, мұнай газ ісі, стандарттау, сертификаттау және метрология;
- Қызмет көрсету: жерге орналастыру, әлеуметтік жұмыс, кадастр, бағалау, логистика (сала бойынша);
- Әскери іс және қауіпсіздік: өрт қауіпсіздігі, ақпараттық қауіпсіздік жүйелері.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі:
- Құқық: құқықтану, құқық қорғау қызметі;
- Қызмет көрсету, экономика және басқару: әлеуметтік жұмыс, менеджмент (қолданылу аясы және салалары бойынша), қаржы (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), экономика (салалар бойынша);
- Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар: автоматтандыру және басқару (бейін бойынша), есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша), ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша) .

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалды міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, мекен-жайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**E-G-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушысы Б.С.Кзылбаевтың кеңсесі келесі мекен-жайға ауысқанын хабарлайды: Қызылорда қаласы, А.Тоқмағанбетов көшесі №23 үй 6 пәтер, 1-қабат. Жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

***

Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушысы Е.Н.Медешовтың кеңсесі келесі мекен-жайға ауысқанын хабарлайды: Қызылорда қаласы, А.Тоқмағанбетов көшесі №23 үй 6 пәтер, 1-қабат. Жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

***

Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушысы К.М.Копжасаровтың кеңсесі жұмысын бастағанын және келесі мекен-жайға орналасқанын хабарлайды: Қызылорда қаласы, А.Тоқмағанбетов көшесі №23 үй 6 пәтер, 1-қабат. Жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

## ХАБАРЛАМА

«Көлжан» ЖШС ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің «Қоғамдық тыңдауды жүргізу тәртібін бекіту туралы» 2007 жылдың 7 мамырындағы №135-ө бұйрығына сәйкес, №1057 келісімшарттық аумағында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға уәкілетті органнан 2015-2017 жылдарға Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін, дайындалған табиғат қорғау іс-шараларын талқылауға қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2015 жылдың 10 қыркүйегінде Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №13, 14 бөлмеде, сағат 11:00-де өткізіледі. Материалдардың электрондық нұсқасын Markhabat.Dosova@petrokazakhstan.com электронды поштасынан ала аласыздар.

**Байланыс телефоны: 8 7242 29 99 23.**

## Жарамсыз деп есептелсін

Идирисов Бабыр Кайрашевичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қаналы Болыс көшесі 26 үйге (Шмидт көшесі 26 үй) берілген сатып алу-сату шарты (№Д-843 29.05.1991 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Сисенова Шолпанның атына Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі №177 орта мектепті (бұрынғы №22 орта мектеп) 1999 жылы бітіргені жөнінде берілген №0346672 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның филиалы - Қызылорда жол бөлімшесі, «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» Қызылорда филиалының басшылықтары мен Қызылорда теміржол ардагерлер ұйымы Ұлы Отан соғысының ардагері, Қызылорда жол бөлімшесінің зейнеткері

**Закрия Панабековтің**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 24757
Тапсырыс № 838
Электронды оқылым – 28000.